

**ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ, ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ  
КАФЕДРАСЫ**

**«БАСҚАРУДЫ ҚҰЖАТТАМАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ПӘНІ  
БОЙЫНША ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК  
НҰСҚАУЛЫҚ**

**«6В03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету»  
білім беру бағдарламасы**

**Оқытушы: Нурбатырова Р.Е.**

**Алматы, 2025**

## **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Зертханалық сабақтардың ұзақтығы – екі академиялық сағат (100 минут). Әр академиялық сағат 50 минутқа тең.
2. Зертханалық сабақтар барысында электрондық-цифрлық құрылғыларды (смартфон, планшет, ноутбук, смарт-сағат және т.б.) пайдалануға қатаң тыйым салынады.
3. Үстел үстінде тек:
  - А4 форматындағы парақ немесе дәптер,
  - қалам (қарындаш, өшіргіш, сызғыш сияқты кеңсе тауарлары) болуы тиіс.
4. Әрбір студент тапсырмаларды жеке өзі орындайды. Өзара көшіру, пікір алмасу, бөтен жазбаларды пайдалану академиялық адалдық қағидаларын бұзу болып саналады.
5. Егер студент жоғарыда көрсетілген ережелерді бұзса, оның зертханалық сабақтағы жұмысы 0 (нөл) балмен бағаланады.
6. Әр зертханалық жұмысты орындау барысында студент:
  - тапсырмаларды мұқият оқып, қадаммен орындауға,
  - сызбаларды, кестелерді, диаграммаларды таза әрі анық рәсімдеуге,
  - қысқа талдау немесе эссені сауатты тілде жазуға міндетті.
7. Жұмыс соңында студент өз парағының жоғарғы жағына аты-жөнін, тобы мен зертханалық жұмыс нөмірін көрсетуі қажет.
8. Орындалған жұмыстар оқытушы тарапынан тексеріліп, белгіленген критерийлер бойынша бағаланады.

## ***Зертханалық жұмыс №1***

***Тақырып:*** Ақпараттық технология ұғымы және даму кезеңдері

***Мақсаты:*** Ақпараттық технологиялардың эволюциясын түсіну және басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласына ықпалын бағалау.

***Негізгі тапсырма:***

- Ақпараттық технологиялардың даму эволюциясын таймлайн (уақыт сызығы) түрінде сызыңыз.
- Әр кезеңге (дәстүрлі, механикалық, электрондық, цифрлық) қысқаша сипаттама жазыңыз.

***Толықтырушы тапсырма:***

- «XXI ғасырдағы ақпараттық технологиялардың құжат жүргізуге әсері» тақырыбында 10–12 сөйлемдік қысқа эссе жазыңыз.

***Бақылау сұрақтары:***

Ақпараттық технологияның даму кезеңдерін атаңыз.

Дәстүрлі технологиядан электрондыққа өтудің басты ерекшелігі неде?

Ақпараттық технология құжат айналымын қалай өзгертті?

***Түсіндірмелі нұсқаулық:***

Таймлайнды 4 бөлікке бөліңіз: дәстүрлі (қағаз, қолжазба), механикалық (баспа машинкасы), электрондық (компьютер, деректер базасы), цифрлық (бұлттық жүйелер, жасанды интеллект). Әр кезеңнің астына қысқаша анықтама беріңіз. Эсседе қазіргі ұйымдардағы мысал келтіріңіз. Сұрақтарға қысқаша, анық жауап беріңіз.

## ***Зертханалық жұмыс №2***

***Тақырып:*** Басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласында ақпараттық технологиялардың рөлі

***Мақсаты:*** Басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласында дәстүрлі және электрондық жүйелердің айырмашылығын түсіну.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– Дәстүрлі құжат жүргізу мен электрондық құжат айналымын салыстыратын Венн диаграммасын құрыңыз.

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– Электрондық құжат жүргізудің артықшылықтары туралы 8–10 сөйлемдік жазба жазыңыз.

***Бақылау сұрақтары:***

1. Басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласында ақпараттық технологиялардың артықшылығы неде?
2. Электрондық құжат жүргізудің дәстүрліден басты айырмашылығы қандай?

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Венн диаграммасының сол жағына дәстүрлі құжат айналымының ерекшеліктерін, оң жағына электрондық жүйелердің ерекшеліктерін, ортақ жерге ұқсастықтарын жазыңыз. Жазбада мысал ретінде ҚР ұйымдарын келтіріңіз.

### ***Зертханалық жұмыс №3***

***Тақырып:*** ҚР-дағы басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласында нормативтік-құқықтық негіздері

***Мақсаты:*** ҚР заңнамасы мен халықаралық стандарттарды салыстыру.

#### ***Негізгі***

#### ***тапсырма:***

– ҚР заңдарын және халықаралық стандарттарды салыстыратын кесте жасаңыз (бағандар: ҚР тәжірибесі – халықаралық тәжірибе – айырмашылықтар).

#### ***Толықтырушы***

#### ***тапсырма:***

– Қазақстан заңнамасының ерекшеліктері туралы қысқаша 5–7 сөйлемдік жазба жазыңыз.

#### ***Бақылау сұрақтары:***

1. 1998 жылғы Ұлттық Архив қоры және архивтер туралы Заңының маңызы қандай?
2. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Заң қай жылы, қандай нөмірмен қабылданды?
3. ISO 15489 қандай қағидатты талап етеді?

#### ***Түсіндірмелі***

#### ***нұсқаулық:***

Кестеде әр заң мен стандартты жеке-жеке сипаттаңыз. Ұқсастықтарын және айырмашылықтарын көрсетіңіз.

## ***Зертханалық жұмыс №4***

***Тақырып:*** Халықаралық стандарттар және тәжірибе (ISO 15489, OAIIS)

***Мақсаты:*** Халықаралық стандарттардың мазмұнын түсініп, ұлттық тәжірибемен салыстыру.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– ISO 15489 моделінің негізгі элементтерін схема түрінде бейнелеңіз.

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– OAIIS үлгісінің Қазақстанда қолданылуы туралы шағын талдау (8–10 сөйлем).

***Бақылау сұрақтары:***

1. ISO 15489 қандай мақсатты көздейді?
2. OAIIS үлгісі қандай жүйелерде қолданылады?

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Сызбада ISO 15489 талаптарын көрсетіңіз (құжат жасау, сақтау, басқару, қолжетімділік). Эсседе халықаралық тәжірибені ұлттық заңнамамен салыстырыңыз.

## ***Зертханалық жұмыс №5***

***Тақырып:*** Электрондық құжат айналымы жүйелерінің (ЭҚАЖ) даму перспективалары

***Мақсаты:*** ЭҚАЖ болашағын болжау.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– ЭҚАЖ-дың даму бағыттарын маршрут картасы түрінде көрсетіңіз.

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– Қазақстандағы ЭҚАЖ-дың болашағы туралы 10 сөйлемдік эссе жазыңыз.

***Бақылау сұрақтары:***

1. ЭҚАЖ енгізудің басты артықшылықтары қандай?
2. Болашақтағы негізгі трендтерді атаңыз.

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Маршрут картасында ЭҚАЖ-дың қадамдарын сызып көрсетіңіз: құжат қабылдау, өңдеу, сақтау, архивке өткізу. Эсседе заманауи бағыттарды (AI, Big Data) қосыңыз.

## ***Зертханалық жұмыс №6***

***Тақырып:*** Электрондық құжат айналым жүйесінің (ЭҚАЖ) құрылымы мен функциялары

***Мақсаты:*** ЭҚАЖ-дың негізгі модульдері мен олардың өзара байланысын меңгеру.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– ЭҚАЖ құрылымын блок-схема түрінде сызыңыз (құжатты қабылдау, тіркеу, өңдеу, сақтау, архивке өткізу).

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– ЭҚАЖ-дың ең маңызды функциялары туралы 8–10 сөйлемдік талдау жазыңыз.

***Бақылау сұрақтары:***

1. ЭҚАЖ-дың негізгі модульдері қандай?
2. Құжат тіркеу процесінің мақсаты қандай?

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Сызбада әр модульді төртбұрышпен көрсетіп, оларды бағытталған сызықтармен байланыстырыңыз. Әр қадамға қысқаша түсініктеме беріңіз. Эсседе нақты ұйымдардың тәжірибесінен мысал келтіріңіз.



## *Зертханалық жұмыс №7*

**Тақырып:** Қазақстан Республикасындағы Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (ЭҚАБЖ)

**Мақсаты:** ЭҚАБЖ құрылымын және оның ерекшеліктерін талдау.

**Негізгі**

**тапсырма:**

– ЭҚАБЖ-ның артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсететін SWOT-талдау кестесін құрыңыз.

**Толықтырушы**

**тапсырма:**

– ЭҚАБЖ-ның мемлекеттік басқарудағы рөлі туралы 8–10 сөйлем жазыңыз.

**Бақылау сұрақтары:**

1. ЭҚАБЖ қай жылдары енгізілді?
2. Оның негізгі міндеті қандай?

**Түсіндірмелі**

**нұсқаулық:**

Кестеде төрт баған болуы тиіс: Strengths, Weaknesses, Opportunities, Threats. Әр ұяшыққа кемінде үш мысал жазыңыз. Эсседе ЭҚАБЖ-ның мемлекеттік органдардағы тиімділігін сипаттаңыз.

## ***Зертханалық жұмыс №8***

***Тақырып:*** Ведомстволық ЭҚАЖ: Lotus Notes, Documentolog, Directum RX

***Мақсаты:*** Әр түрлі жүйелердің мүмкіндіктерін салыстыру.

### ***Негізгі***

***тапсырма:***

– Үш жүйенің негізгі сипаттамаларын салыстыратын бағандық кесте жасаңыз.

### ***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– Қазақстан ұйымдарында қай жүйе жиі қолданылатынын жазыңыз және себебін түсіндіріңіз (8–10 сөйлем).

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Documentolog жүйесінің ерекшелігі қандай?
2. Directum RX қандай мақсатта қолданылады?

### ***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Кестеде үш бағанды салыстыру қолданыңыз: Lotus Notes – Documentolog – Directum RX. Әрқайсысына артықшылықтар мен шектеулерін жазыңыз. Эсседе нақты мекемелерді атауға болады.

## ***Зертханалық жұмыс №9***

***Тақырып:*** Ақпараттық жүйелер архитектурасы: қалың клиент пен жұқа клиент

***Мақсаты:*** Thick client пен thin client-тің айырмашылығын түсіну.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– Екі архитектураны салыстыру үшін Венн диаграммасын жасаңыз.

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– Қай архитектура құжат айналымында тиімді деп ойлайсыз? Себебін 8–10 сөйлеммен жазыңыз.

***Бақылау сұрақтары:***

1. Қалың клиент пен жұқа клиенттің басты айырмашылығы неде?
2. Қазақстан ұйымдарында қайсысы жиі қолданылады?

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Диаграмманың сол жағына thick client-тің ерекшеліктерін, оң жағына thin client-тің ерекшеліктерін жазыңыз. Ортақ жеріне екеуіне тән қасиеттерді енгізіңіз. Эсседе Қазақстан тәжірибесінен мысал қосыңыз.

## ***Зертханалық жұмыс №10***

***Тақырып:*** Электрондық құжаттардың өмірлік циклі және ұзақ мерзімді сақталым

***Мақсаты:*** Электрондық құжаттың өмірлік циклін кезең-кезеңімен сипаттау.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– Құжаттың өмірлік циклін дөңгелек диаграмма (циклдік схема) түрінде көрсетіңіз.

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– Құжаттың сақталу тәуекелдері туралы 8–10 сөйлемдік талдау жазыңыз.

***Бақылау сұрақтары:***

1. Құжаттың өмірлік циклі қандай кезеңдерден тұрады?
2. Ұзақ мерзімді сақталым үшін қандай талаптар қажет?

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Диаграмманы «Жасау → Тіркеу → Қолдану → Сақтау → Архивке өткізу → Жою/Тұрақты сақтау» түрінде жасаңыз. Әр кезеңді бөлек сектор ретінде көрсетіңіз. Эсседе ақпараттық қауіпсіздік аспектілерін сипаттаңыз.

## ***Зертханалық жұмыс №11***

***Тақырып:*** Электрондық құжаттармен практикалық жұмыс жүргізу әдістері  
***Мақсаты:*** Құжатты тіркеу, іздеу және ЭЦҚ қолдану дағдыларын түсіну.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– Құжат тіркеу және сақтау процесін маршруттық схема түрінде сызыңыз.

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– ЭЦҚ қолданудың артықшылықтары мен шектеулері туралы 8–10 сөйлем жазыңыз.

***Бақылау сұрақтары:***

1. Құжат тіркеудің мақсаты неде?
2. ЭЦҚ қандай міндеттерді орындайды?

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Сызбада құжаттың қозғалысын көрсетіңіз: қабылдау → тіркеу → виза қою → сақтау → архивке өткізу. Эсседе Қазақстандағы ЭЦҚ тәжірибесін сипаттаңыз.

## ***Зертханалық жұмыс №12***

***Тақырып:*** Метадеректер және құжаттарды сипаттау стандарттары (Dublin Core, EAD)

***Мақсаты:*** Метадеректердің рөлін және сипаттау стандарттарын меңгеру.

### ***Негізгі***

***тапсырма:***

– Dublin Core стандартындағы 15 элементті кесте түрінде толтырыңыз (бағандар: элемент атауы – мазмұны – мысал).

### ***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– Метадеректердің құжатты іздеуде маңызын 8–10 сөйлеммен түсіндіріңіз.

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Dublin Core стандартында қандай негізгі элементтер бар?
2. Метадеректер құжат іздеуде қалай көмектеседі?

### ***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Кестеде Title, Creator, Subject, Description, Publisher сияқты негізгі элементтерді көрсетіңіз. Әрқайсысына мысал жазыңыз (мысалы, құжат атауы, авторы). Эсседе практикалық пайдасын талдаңыз.

## ***Зертханалық жұмыс №13***

***Тақырып:*** Құжаттарды цифрландыру және OCR технологиясы

***Мақсаты:*** Құжаттарды цифрландыру процесін және OCR технологиясының мүмкіндіктерін білу.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– OCR технологиясының кезеңдерін блок-схема түрінде бейнелеңіз.

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– Құжаттарды цифрландырудың артықшылықтары мен кемшіліктерін 8–10 сөйлеммен жазыңыз.

***Бақылау сұрақтары:***

1. OCR қандай мақсатта қолданылады?
2. Цифрландырудың негізгі пайдасы неде?

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Сызбада «Сканерлеу → OCR → Тану → Сақтау → Іздеу» қадамдарын көрсетіңіз. Әр кезеңге қысқаша сипаттама беріңіз. Эсседе цифрландырудың архив ісіндегі рөлін сипаттаңыз.

## ***Зертханалық жұмыс №14***

***Тақырып:*** ЭҚАЖ бен архивтік ақпараттық жүйелерді интеграциялау

***Мақсаты:*** Интеграцияның артықшылықтары мен проблемаларын анықтау.

***Негізгі***

***тапсырма:***

– Интеграция процесін бейнелейтін сызба жасаңыз (ЭҚАЖ ↔ Архив жүйесі).

***Толықтырушы***

***тапсырма:***

– Интеграцияның негізгі кедергілері мен шешімдері туралы кейс-талдау жазыңыз (жағдай сипаттамасы – мәселе – шешім).

***Бақылау сұрақтары:***

1. Интеграция не үшін қажет?
2. Қандай кедергілер кездеседі?

***Түсіндірмелі***

***нұсқаулық:***

Сызбада екі жүйені көрсетіп, олардың арасындағы байланыстарды сызықпен көрсетіңіз (метадеректер, сақтау, қолжетімділік). Эсседе нақты мысал арқылы кедергі мен шешімін жазыңыз.



## ***Зертханалық жұмыс №15***

***Тақырып:*** Big Data және жасанды интеллект құжаттамада  
***Мақсаты:*** Құжат жүргізуде жаңа технологиялардың қолданылуын бағалау.

### ***Негізгі***

– Big Data және AI қолдану бағыттарын **бағандық диаграмма** түрінде көрсетіңіз.

***тапсырма:***

### ***Толықтырушы***

– Жасанды интеллект құжат айналымын қалай өзгертеді? 10 сөйлеммен эссе жазыңыз.

***тапсырма:***

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Big Data қандай мүмкіндіктер береді?
2. AI құжат жүргізуде қалай қолданылады?

### ***Түсіндірмелі***

Диаграммада кемінде үш бағыт көрсетіңіз: құжаттарды автоматты талдау, құжат классификациясы, болжам жасау. Эсседе нақты мысал келтіріңіз (мысалы, мәтінді тану жүйелері).

***нұсқаулық:***